

Орал қалалық мәслихатының 2008 жылғы 2 шілдедегі № 9-14 "Орал қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы мәслихаттың 2009 жылғы 31 наурыздағы № 15-12 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының әділет басқармасында 2009 жылғы 24 сәуірде № 7-1-138 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2013 жылғы 21 қазандағы № 17-10 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 21.10.2013 № 17-10 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізіледі)

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 7 баптарына сәйкес Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Орал қалалық мәслихатының "Орал қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2008 жылғы 2 шілдедегі № 9-14 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-1-101 тіркелген, 2008 жылғы 24 шілдеде "Жайық үні" газетінде және 2008 жылғы 24 шілдеде "Пульс города" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) кіріспе келесі мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20 бабы, Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексінің 56 бабы 1 тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 7 баптарын басшылыққа алып, Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**";

2) шешімнің мемлекеттік тіліндегі атауы келесі мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын: "Орал қаласы мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы";

3) шешімнің 1 тармағы келесі мазмұндағы 17) тармақшамен толықтырылсын:

"17) 3 000 теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек алушыға";

4) шешімнің 2 тармағы келесі мазмұндағы 6), 7) тармақшаларымен

Т О Л Ы Қ Т Ы Р Ы Л С Ы Н :

"6) 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға облыстан тыс жерлерде операция жасауға және емделуге комиссия белгілеген мөлшерде;

7) 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларды бағып отырған отбасына комиссия белгілеген мөлшерде".

2. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Орал қалалық мәслихатының
кезекті 15 сессиясының төрағасы*

Орал қалалық мәслихатының хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК